

## Дәріс №7. ҒЫЛЫМИ МАҚАЛА ЖАЗУ ШАРТТАРЫ

Дәрістің мақсаты: Ғылыми мақаланы жазуды үйрену.

### Дәріс жоспары:

1. Ғылыми мақаланың түсініктері.
2. Ғылыми мақаланы жазу талаптары.



**Ғылыми мақала** — түпнұсқа ғылыми зерттеу нәтижелерін сипаттайтын аяқталған авторлық жұмыс. Ғылыми мақала жазу – оңай емес, ол өзіне жазуға дейінгі ойлау элементтерін қосатын, тілден тыс жатқан логикалық құбылыстармен де байланысы бар күрделі үдеріс. Ғылыми мақала жазуды санада белгілі бір тақырып жайында ойды қорытуға қабілеті бар жеке тұлға ғана іске асыра алады.

Ғылыми мақала жазу тек сауатты жаза білумен шектелмейді, ең әуелі ол ойлау дағдысын, сондай-ақ жазу барысындағы біліктілікті игеруден көрінеді және жазудан кейінгі атқарылатын жұмыстарды да жетік меңгеру қажет. Осылай еткенде ғана ғылыми мақала жазуды ұйымдастырудың басты тетіктері мейлінше кең көрініс таппақ, үйрету әдістемесі де неғұрлым толыққанды болмақ. Сондықтан ғылыми мақала жазудың басты әдістерін үш мәселе төңірегінде қарастырамыз. Біздің ойымызша, осы үш нәрсе бойынша студенттер қажетті дағдыларды қалыптастыра алса, ғылыми мақала жазу барысында ілгерілеушілікке ие болады. Олар:

- 1) Жазуға дейінгі дағдылар;
- 2) Жазу кезіндегі дағдылар;
- 3) Жазудан кейінгі дағдылар.

### Ғылыми мақаланы жазу құрылымын зерттеу:

1. Мақаланың аты;
2. Авторлары;
3. Кіріспе;
4. Зерттеу әдістемесі;
5. Зерттеу нәтижесі және оны талдау;
6. Қорытындылар мен ұсыныстар;
7. Қолданылған әдебиет тізімі.

Мақаланың аты қысқа және мақаланың мазмұнын дәл көрсетуі керек. Кіріспе бөлімінде зерттелетін мәселенің мән-маңызын, зерттелу деңгейін және жарияланған ғылыми мақалалардың бағасын ашып жазуы қажет. Әрі қарай өз тәжірибесінің мақсат-міндеттері жазылады.

Келесі бөлімінде тәжірибедегі (алынған жануар немесе өсімдіктің қысқаша сипаттамасы, шаруашылық немесе өндіріс, уақыты) оны зерттеу әдістемесі көрсетіледі.

Бұдан кейінгі екі бөлім – негізгі бөлім болып есептеледі. Мұнда автор өзі жүргізген зерттеуден алынған нәтижелерді көрсетіп, оларға талдау жасайды.

Қорытындылар мен ұсыныстар тек автордың өз зерттеулерінен ғана шығуы керек және дәлелдемелердің статистикалық көрсеткіштерінің сенімділігі жеткілікті дәрежеде жоғары болуы қажет. Бұл да қысқа болуы шарт.

Әр мақала қолданылған әдебиеттер тізімімен аяқталуы тиіс. Автор ойын анық жеткізуі және сөйлемдерді қайталамауы тиіс. Басқа авторлардың зерттеулерін, еңбектерін, әдістемелерін талдауға немесе басқа бөлімдеріне қоса, міндетті түрде оған сілтеме жасауы және ол еңбектер әдебиеттер тізімінде болуы қажет.

### **Ғылыми мақаланы жазу талаптары**

Аталған ғылым саласы бойынша жетекші мамандар мекемесінің мөрімен расталған екі оң пікір (жеке немесе бірінші ғылым докторы болып табылатын);

- мақаланың тақырыбы мен түйіні үш тілде болуы керек (қазақ, орыс, ағылшын);
- мақаланың мазмұнында шетел зерттеушілерінің ұқсас мәселелері бойынша ғылыми еңбектерінің үлгілері болуы тиіс;
- мақаланың жазылу көлемі 5 тен 10 параққа дейін және автордың (авторлардың) қолы қойылған болуы керек.

### **Мақаланың құрылымдық бөлшектерін орналастыру тәртібі:**

- мақаланың сол жақ басында қойылған ондық әмбебап топтамасының индексі болуы керек;

- мақаланың басты тақырыбы (жазба әріптерімен, жартылай қалың әріптермен), автордың Т.А.Ә. (3 автордан кем емес), оның ғылыми дәрежесі, атағы, жұмыс орны (лауазымы, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің атауы) және көлбең мәтінмен жазылған түйін мен негіз сөздер (3-5 сөз) мақала мәтінінің алдында үш тілде орналасады. Егер ұйымның атауында қала көрсетілмесе, онда ұйымның атауынан кейін үтір арқылы қала атауы, шетел ұйымдары үшін қала мен ел көрсетіледі (Алыс Батыс педагогтарды қайта даярлау институты, Хабаровск). Егер мақала бірнеше автормен дайындалса, олар туралы мәліметтер әр автордың мақалаға қосқан үлесінің маңыздылығы бойынша атап көрсетіледі. Түйіннің көлемі –150-200 кем емес сөздерден құралады (көлбең мәтінмен, қарапайым шрифтпен) мәтін doc (Microsoft Word) форматында болуы керек. Парақтың форматы А4 (297x210мм). Барлық жолдар – 2см. Парақтар электронды нұсқада нөмірленбей, тек қағазға басылған нұсқасында нөмірленеді. Шрифт: Arial. Символдың көлемі – 10 pt. Мәтін тасымалданбай ені бойынша пішімдеу керек, абзац басындағы бос жол – 1см. Жол арасындағы интервал –дара. Мақаланың басты тақырыбы орталықта пішімделеді;

- Мақаланың мәтінінде автоматты түрде нөмірлеу қолданылмауы керек;

- мақаланы дайындау барысында пайдаланылған дереккөздер тізімдері мақаланың соңына орналастырылады. Дереккөздерді мақалаға аудару сілтемелер түрінде жүзеге асырылады. Мақала мәтініндегі сілтеменің нөмірі шаршы жақшамен жабылады, мысалы - [1, 136]. Әдебиеттер тізімі ГОСТ 7.1-2003, Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама.

Құрастырудың жалпы ережелері мен талаптары:

- латын транскрипциясындағы әдебиет;
- автор (лар) туралы мәлімет: тегі, аты, әкесінің аты (толық), ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, жұмыс орны (оқу орны немесе ізденуші), байланыс телефоны, факс, e-mail, пошталық индекс және мекенжай (орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде).

**БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Ғылыми мақала дегеніміз не?
2. Ғылыми мақаланы жазу талаптарын атаңыздар.